

Б Ұ Й Р Ы Қ №31

Ақтөбе қаласы

04.09.2023 жыл

**«Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу,
бракераж комиссиясын құру туралы»**

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.02.2022 жылғы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-16 бұйрығының 3- параграф 167- тармағы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақша асханасындағы тағамдарға бағалау, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында төмендегі құрамда бракераж комиссиясы құрылсын: - Комиссия төрайымы: А.Г. Уртамбаева – меңгеруші;
- **Мүшелері:** – А.Т. Маденов қамқоршылық кеңес төрайымы;
Ф.М. Наурзалиева – шаруашылық меңгерушісі
З.Т. Бурханова – дәмбике
А.к. Айжанова – кәсіподақ төрайымы
Хатшы: А.А. Құдайберген
2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамына төмендегі міндеттер түсіндірілсін:
 - ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
 - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
 - тамақ дайындау сапасын;
 - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау.
3. Дайын тамақ өнімдерін белгіленген кесте бойынша асханадан топтарға жеткізу тәрбиеші көмекшілеріне жүктелсін.
4. Топтағы балалардың дұрыс тамақтануын бақылау, тамақ өнімдерінің нормасын қатаң сақтау тәрбиешілерге жүктелсін.
5. Асхананың санитарлық жағдайын және күнделікті ас мәзірінің дұрыс құрылуын қадағалау, бақылау балабақша дәмбикесі З.Т. Бурхановаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

№ 41 «Назерке» б/б МКҚК меңгерушісі  А.Г. Уртамбаева
Бұйрықпен таныстырылды: